

АУРУДЫҢ ЖАЛПЫ КОНЦЕПЦИЯСЫ



АУРУ ҰҒЫМЫ

- **Ауру** (от лат. morbus) –қалыпты тіршілік әрекеті, жұмысқа қабілеттілік, тіршілік ұзақтығы және оның үнемі өзгеруші қоршаған орта жағдайына бейімделу қабілетінің патогенді факторлар әсерінен бұзылуы.
- **Ауру нәтижелері болуы мүмкін:**
 - толық жазылу;
 - кейбір қалдық құбылыстар қала отырып жазылу;
 - мүгедектену;
 - летальді қорытынды(өлім);

АУРУ ТУРАЛЫ ҰҒЫМ ТАРИХЫ

- **Гиппократ** кезеңінен бері дәрігерлер аурудың не екенін анықтауға тырысты :
- **Гален** ауруды нормадан ауытқу деп анықтады;
- **Дитрих Кизер** ауру кезінде негатив позитивтен артық болады деген пікір айтты
- **Виктор Вейцзеккер** : «Аурудың шын мәні қандай да бір қажеттілік және көмектесуді сұрап өтінгендей болады».
- **Беккер (1982)**: «Ауру-дененің қалыпты жағдайы немесе қызметінің бұзылуы. Ол емделінеді».

АУРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІСІ

- Аурудың мінез-құлқы өзгерісі оны қоршаған адамдарға да белгілі болады
- Бұл өзгерістер «істегім келмейді»-ден емес «істей алмаймын» деудің салдары. Ауру адам өзінің күнделікті міндеттерінен босатылып, енді жаңа міндеттер алады. Енді ол өзіне жақсы қарап сауығып кетуге тырысуы керек. Осы мақсатта ол дәрігерге қаралып, оның барлық нұсқауларын орындауы қажет.
- Әлеуметтанушы Парсонс мұны «аурудың ролі» деп атады

«Ауру адам» түсінігі

- **Ауру**- қандайда бір залалмен сырқаттанған және денсаулығы нашарлаған индивид
- Сонда **ауру** дегеніміз тұрады :
 - 1.қалыпты биологиялық жағдайдың **өзгеруі**
 - 2.алған залал мен сырқатқа болатын **уайымдаушылық**
 - 3.ендігі жағдайдағы талаптар мен құқықтарға байланысты **роль** жиынтығы.

.

АУРУДЫҢ ЖАЛПЫ КОНЦЕПЦИЯСЫ



Этиология

- **Этиология** –арудың пайда болу себептерін қарастыратын медицинаның бір саласы
- **Этиологиялық фактор**- онсыз ауру ешқашын дамымайтын себеп
- **Факторы риска** —аруды тудырады.
- Ауру себептері:
- -механикалық-жарақаттар...
- Физикалық-жоғарғы немесе төмен температура,ток....
- Химиялық-токсинді заттар...
- Биологиялық –микробтар,вирустар әсері...
- Психогенді
- Генетикалық

Патогенез, симптом, синдром

- Патогенез (грек.пазос-қиналыс,ауру және генезис-шығу тегі)-тірі ағзаның әр түрлі деңгейінде көрінетін және аурудың туу, даму,жалғасу және қорытындысын анықтайтын процесстер жиынтығы.
- Симптом-аурудың жалғыз ғана белгісі.
- Синдром-симптомдар жиынтығы.
Мысалы:Даун синдромы,Скумина синдромы.

ЕКІНШІЛІК ПАЙДА

- Өз ауруынан өзіндік пайда шығаратын аурулар тобы бар.
- Бұл аурудың тек соматикалық не психосоматикалық жағынан ғана емес және “индивид-қоғам” жүйесін құратыны себепті болады.
- Типтері :
 - 1) Материалдық пайда үшін
 - 2) Айналадағыларға назар аударту және сезім тудырту үшін
 - 3) Ақталу ретіндегі ауру
 - 4) Сәтсіздікке жауапкершіліктен бас тарту мүмкіндігі ретінде

АУРУ ЖЕКЕ ПСИХОЖАРАҚАТ РЕТІНДЕ



АУРУ ЖЕКЕ ПСИХОЖАРАҚАТ РЕТІНДЕ

- Ауыр ,емделмейтін,мүгедектену қаупін туғызатын аурулар жеке психологиялық жарақатты тудырады.
- Психологиялық жарақат терең психологиялық толқынысқа әкеледі.
- Ауру өмірлік жоспарларды орындауға кедергі келтіріп,қызмет аясының тарылуына,мінез-құлықтың өзгеруіне себепші болуы мүмкін.

АУРУ ЖЕКЕ ПСИХОЖАРАҚАТ РЕТІНДЕ

- Бастапқы сатыда адам тұнжырау күйінде болады.Өзімен не болып жатқынын,орын алған жағдайлар қаншалықты маңызды және қандай салдарлары болатынын түсінбейді
- Ол шошып қалған.Алдағы іс-әрекетін жоспарлай алмайды.Өз сезімін басқара алмайды
- Ал емдеудің бас кезінде пациенттің қорқынышы өзгерісті күтуге алмасады.

АУРУ ЖЕКЕ ПСИХОЖАРАҚАТ РЕТІНДЕ

- Егер өзгеріс тез байқалмаса ол диагноздың дұрыстығына күмәнмен қарап, дәрігерден түсіндіру талап етеді.
- Көбіне дәрігер нақты түсіндіре алмайды. Сондықтан пациент белгісіздік пен күту жағдайында қала береді
- Егер ауру ұзаққа созылса ,оның психоэмоциялы күйіне кері әсер ететін болады